



From  
the People of Japan



ҰЛТТЫҚ БАЗАЛЫҚ БАҒАЛАУДЫҢ  
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ  
БИЗНЕС ЖӘНЕ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ БОЙЫНША  
НЕГІЗГІ ТҰЖЫРЫМДАРЫ  
2023

Астана  
2024

ҰЛТТЫҚ БАЗАЛЫҚ БАҒАЛАУДЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БИЗНЕС ЖӘНЕ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ БОЙЫНША  
НЕГІЗГІ ТҰЖЫРЫМДАРЫ. 2023 – 165 бет. Астана. 2024

© Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасы 2024

Барлық құқықтар қорғалған. Осы жарияланымның ешбір бөлігі алдын ала рұқсатсыз көшірілуі, іздеу жүйесінде сақталуы немесе электрондық, механикалық, көшіру, жазу немесе басқа да құралдар арқылы кез келген түрде берілуі мүмкін емес.



Бұл бағалау БҰҰДБ-ның «Жауапты бизнес жүргізуді ілгерілету, оның ішінде ғаламдық жеткізу тізбектерінде адам құқықтары саласындағы тиісті сақтықты қамтамасыз ету және бизнесте адам құқықтары бойынша БҰҰ Басшылық қағидаттарын әділ қалпына келтіру үшін пайдалану» жобасы аясында жүргізілді. Жоба Жапония Үкіметінің қолдауымен жүзеге асырылуда.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы (БҰҰДБ) кедейлікпен байланысты әділетсіздікпен, теңсіздікпен және климаттың өзгеруімен күресетін Біріккен Ұлттар Ұйымының жетекші мекемесі болып табылады. 170 елдегі сарапшылар мен әріптестеріміздің кең торабымен жұмыс істей отырып, біз адамдар мен ғаламшар үшін кешенді әрі ұзақ мерзімді шешімдерді әзірлеуге көмектесеміз.

Қосымша ақпарат алу үшін [undp.org](http://undp.org) немесе [@UNDP](https://twitter.com/UNDP)-де жаңалықтарды қадағалаңыз.

**Құрастырушы:** «Құқықтық саясатты зерттеу орталығы» ҚҚ

Татьяна Зинович, БҰҰ Даму бағдарламасының консультанты

Осы есепте айтылған пікірлер авторға (авторларға) тиесілі және Жапония мен Қазақстан Республикасы үкіметінің, Біріккен Ұлттар Ұйымының, оның ішінде БҰҰДБ-ның немесе БҰҰ-ға мүше мемлекеттердің көзқарастарын міндетті түрде білдірмейді.

## КІРІСПЕ

2011 жылы БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі кеңесі бизнес контекстінде адам құқықтарына жағымсыз әсерлердің алдын алу және жою үшін “Қорғаныс - Сыйластық - Құқықтық қорғау құралдары” жүйесін енгізу бойынша мемлекеттер мен компаниялар үшін нұсқаулықтар жиынтығын ұсынатын **Адам құқықтары аспектісіндегі кәсіпкерлік қызметтің басшылық принциптерін** (БҰҰ басшылық принциптері)<sup>1</sup> бірауыздан мақұлдады. Басшылық принциптер: а) мемлекеттер қабылдаған адам құқықтары мен негізгі бостандықтарды сақтау, қорғау және жүзеге асыру міндеттемелерін сақтау; б) барлық қолданыстағы заңдарды сақтау және адам құқықтарын құрметтеу талабы қойылатын қоғамның мамандандырылған органдары ретінде мамандандырылған функцияларды орындайтын кәсіпорындардың рөлдері; с) құқықтар мен міндеттер бұзылған жағдайда, олардың сақталуын тиісті тиімді қорғау құралдарының көмегімен қамтамасыз ету қажеттілігін мойындаудан туындайды.

БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі кеңесі барлық мүшелік ететін мемлекеттерді БҰҰ-ның басшылық принциптерін іске асыру құралы ретінде **Бизнес және адам құқықтары саласындағы ұлттық іс-қимыл жоспарларын** (ҰІЖ) әзірлеуге шақырды. БҰҰ-ның басшылық принциптеріне сәйкес ҰІЖ адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттарға негізделуге және кәсіпкерлік қызметпен байланысты адам құқықтарына қолайсыз әсердің алдын алуда, жеңілдетуде және жоюда мемлекеттің міндеттемелері мен бизнестің жауапкершілігінің өзара толықтырылуы мен өзара байланысын көрсетуге тиіс.

ҰІЖ-нің қамту саласына, мазмұны мен басымдықтарына қатысты кез келген шешімдер қабылданғанға дейін **Бизнес және адам құқықтары мәселелері бойынша Ұлттық базалық бағалау (ҰББ)** жүргізіледі. ҰББ БҰҰ-ның нақты мемлекеттегі нұсқауларын орындаудың ағымдағы деңгейін бағалаудың негізгі мақсатын қояды. Ол БҰҰ нұсқаулықтарын іске асырудағы құқықтық және саяси олқылықтарды талдауды осы контексте адам құқықтарына қатысты ең маңызды мәселелерді анықтау үшін Бизнестің адам құқықтарына теріс әсерін шолумен біріктіреді. Осылайша, бағалау ҰІЖ-дегі іс-әрекеттерді тұжырымдау және оларға басымдық беру үшін ақпараттық негіз болып табылады.

Осы құжатта Қазақстандағы бизнес және адам құқықтары контекстінде ҰББ жүргізген қысқаша нәтижелер ұсынылды<sup>2</sup> және ҰББ БҰҰ-ның басшылық принциптері адам құқықтары саласында жаңа халықаралық-құқықтық міндеттемелер немесе шектеулер тудырмайтындығына негізделді. Бағалау БҰҰ-ның нұсқаулықтарын жүзеге асырудағы құқықтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени олқылықтарды талдауға, Бизнестің адам құқықтарына теріс әсерін қарастыра отырып, осы тұрғыда адам құқықтарына қатысты ең маңызды мәселелерді анықтауға бағытталған. ҰББ ұйымдастырушылары мен бағалауға қатысқан зерттеушілер оның нәтижелері Қазақстанда бизнес және адам құқықтары саласындағы ҰІЖ-ні әзірлеуге әсер етеді деп үміттенеді.

---

<sup>1</sup> Адам құқықтары аспектісіндегі кәсіпкерлік қызметтің басшылық принциптері. URL: [https://www.ohchr.org/sites/default/files/documents/publications/guidingprinciplesbusinesshr\\_ru.pdf](https://www.ohchr.org/sites/default/files/documents/publications/guidingprinciplesbusinesshr_ru.pdf)

<sup>2</sup> Бұл бағалау Жапония Үкіметінің қолдауымен жүзеге асырылатын БҰҰДБ-ның "Жаһандық жеткізу тізбегінде адам құқықтары туралы тиісті қамқорлықты ілгерілетуге және БҰҰ-ның бизнес және адам құқықтары саласындағы нұсқаулықтарын әділ қалпына келтіру үшін пайдалануға ерекше назар аударатырып, жауапты бизнес жүргізуді ілгерілету" жобасы шеңберінде жүргізілді

## БАҒАЛАУ ӘДІСТЕМЕСІ

ҰББ мақсаты бизнестің адам құқықтарын іске асырудағы мүмкіндіктері мен кедергілерін анықтау және Қазақстанда ҰІЖ әзірлеу үшін ұсынымдар әзірлеу үшін сапалы бастапқы деректерге негізделген Қазақстанда БҰҰ-ның басшылық принциптерін іске асыруды бағалау болды.

Негізгі міндеттер:

а) кедергілер мен олқылықтарды анықтау мақсатында ұлттық заңнаманың БҰҰ-ның басшылық принциптеріне сәйкестігін бағалауды, сондай-ақ қолданыстағы ұлттық және корпоративтік саясаттарға, бизнес қызметі контекстінде адам құқықтарын нормативтік реттеу мен қорғау тетіктеріне шолу жасауды жүргізу;

б) негізгі стейкхолдерлер мен құқық иеленушілердің БҰҰ-ның басшылық принциптерін іс жүзінде іске асыруының болжалды мүмкіндіктері мен тәуекелдерін анықтау;

в) БҰҰ-ның басшылық принциптерін іске асыруға қатысты заңнамалар мен саясаттарды өзгертудің негізгі бағыттары мен басымдықтарын айқындау;

г) БҰҰ-ның Басшылық принциптерін іске асыру шеңберінде мемлекеттің бизнеспен және азаматтық қоғаммен өзара іс-қимылының тиімділігін өлшеу үшін көрсеткіштер жиынтығын әзірлеу;

д) бизнес және адам құқықтары мәселелерін мемлекеттік деңгейде қолдау жөніндегі жол картасын әзірлеу.

ҰББ өткізу мақсатында Ұлттық базалық бағалауды жүргізудің халықаралық құралдары мен әдістемесі жергілікті контекстке бейімделді.

БҰҰ Басшылық принциптерінің бірінші компоненті мемлекеттің адам құқықтарын қорғау міндетіне арналған және екі негізгі принцип пен сегіз қызмет принциптерін қамтиды. Бұл бөлімде Қазақстанның БҰҰ Басшылық принциптерінің бірінші компонентін іске асыру үшін міндетті және міндетті емес ережелер мен саяси негіздерді қалай қабылдағаны зерттеледі. Бөлім төмендегілерді қарастырады:

- БҰҰ-ның Басшылық принциптерін іске асыру үшін өзекті нормативтік реттеу және саясат саласындағы мемлекеттің жалпы функциялары;
- мемлекет пен кәсіпорындардың байланысы;
- жанжалдардан зардап шеккен аудандардағы кәсіпорындардың адам құқықтарын сақтауын қамтамасыз ету;
- саясаттың дәйектілігін қамтамасыз ету.

Бағалау Қазақстанның құқықтық саясатын, БҰҰ-ның басшылық принциптері қозғайтын тиісті құқықтық салалардағы құрылымдық реформалар мен саясаттарды қарайды. Бірінші кезекте бағалау мемлекеттік шаралардың халықаралық міндеттемелермен, әсіресе адам құқықтары туралы халықаралық Биллдің шеңберінде келісілуін қарайды.

Зерттеушілер Қазақстанда БҰҰ-ның Басшылық принциптерін іске асыру үшін өзекті болып табылатын негізгі бағыттарды таңдады. Атап айтқанда, зерттеу келесі мәселелерді қарастырады:

- корпоративтік қызметті реттеу шеңберінде тиісті тексеру процестерін қабылдау;
- корпоративтік жауапкершілік;
- еңбек, кәсіби денсаулық және қауіпсіздік;
- жиналыстар мен бірлестіктер бостандығы;
- адам саудасы және қазіргі құлдық;
- кемсітушілікке қарсы іс-қимыл;
- қоршаған ортаны қорғау.

Әрбір таңдалған салада зерттеушілер тобы осы мәселенің Қазақстан үшін өзектілігіне, хабарланған прогреске және негізгі нәтижелерге немесе БҰҰ-ның Басшылық принциптерін іске асырудағы олқылықтарға назар аударды.

БҰҰ нұсқаулықтарының осы компонентін бағалау кезінде зерттеу тобы құжаттың 1-10 принциптерін басшылыққа алды. Бағалау мақсатында Бизнес және адам құқықтары жөніндегі Ұлттық базалық құрал сияқты халықаралық құрал да пайдаланылды және жергілікті контекстке бейімделді (National Baseline Tool on Business and Human Rights)<sup>3</sup>. Бұл құрал ұлттық деңгейде бизнес және адам құқықтары мәселелерімен айналысатын ұйымдарға мемлекеттің БҰҰ-ның басшылық қағидаттарын орындау жай-күйіне базалық бағалау жүргізуге көмектеседі.

Бұл компонентті бағалау келесі құралдардың жиынтығына негізделген:

Құқықтық, салыстырмалы және тұжырымдамалық талдау (кабинеттік талдау). Бұл әдіс қолданыстағы заңнаманы, мемлекеттік құқықтық статистиканы және тақырыптық ашық есептер мен жарияланымдарды талдауға негізделген.

Қазақстандағы бизнес және адам құқықтары мәселелері бойынша негізгі мүдделі тараптармен консультациялар (далалық зерттеу). Дала кезеңінің нәтижелері 7 фокус-топтың материалдарына және мемлекеттік органдардың, бизнестің, азаматтық қоғам ұйымдарының, кәсіподақтардың, адвокатураның және ұлттық құқық қорғау институтының өкілдерімен 6 жеке сұхбатқа негізделген.

Айта кету керек, зерттеудің шектеулері болды, сондықтан зерттеу тобы нақты шаралар мен нәтижелердің тиімділігіне жүйелі эмпирикалық бағалау жүргізбеді, олар практикалық тиімділікке әсер етеді және байланысты болады.

Сонымен қатар, БҰҰ-ның басқарушы принциптері барлық қолданыстағы заңдарды сақтау және адам құқықтарын құрметтеу талап етілетін мамандандырылған функцияларды орындайтын қоғамның мамандандырылған органдары ретіндегі кәсіпорындардың рөлін танудан туындайды.<sup>4</sup> Бұл компонент бес негізгі принципті және тоғыз операциялық принципті қамтиды, олар компаниялардың адам құқықтарын дұрыс тексеруді (human rights due diligence) олардың қызметіне де, жеткізу тізбегіне де қолдануға бағытталған.

Қазақстандық компаниялардың БҰҰ Басшылық принциптеріне сәйкестік деңгейін бағалау мынадай құралдардың үйлесіміне негізделді:

---

<sup>3</sup> Құралдың сипаттамасын (ағылшын тілінде қолжетімді) URL: <https://bhrbaseline.humanrights.dk/node/247> қараңыз. Сұрақтар жинағын (ағылшын тілінде қолжетімді) URL: [https://bhrbaseline.humanrights.dk/files/media/document/example\\_questionnaire.pdf](https://bhrbaseline.humanrights.dk/files/media/document/example_questionnaire.pdf) қараңыз.

<sup>4</sup> БҰҰ Басшылық принциптерінің жалпы принципі (b).

- Адам құқықтары саласындағы корпоративтік жауапкершілікті бағалау (бенчмаркинг) әдіснамасы негізінде БҰҰ Басшылық принциптерінің бизнесті жүргізу саясатына, рәсімдері мен практикасына енгізілуін бағалау үшін Қазақстанда жұмыс істейтін 60 компанияның веб-сайттарын скринингтеу. БҰҰ/ Corporate Human Rights Benchmark – CORE UNGP Indicators (CHRB-Core) нұсқауларына сәйкес бағалаудың негізгі индикаторлары<sup>5</sup>.
- БҰҰ басшылық принциптері, адам құқықтары саласындағы саясаттың болуы және тиісті тексеру процедуралары туралы бизнестің хабардарлық деңгейін анықтауға бағытталған 278 кәсіпорынның онлайн сауалнамасы.
- Қазақстандағы бизнес және адам құқықтары мәселелері бойынша негізгі мүдделі тараптармен фокус-топтар және жеке сұхбат форматында консультациялар.

БҰҰ Басшылық принциптерінің үшінші компоненті құқықтық қорғау құралдарына қол жеткізуге арналған және бір негізгі принципті және қызметтің алты принципін қамтиды. Базалық принцип кәсіпкерлік қызметпен байланысты мемлекет адам құқықтарының бұзылуынан сот, әкімшілік, заңнамалық немесе өзге де тиісті құралдар арқылы қорғау міндеті шеңберінде мұндай бұзушылықтар олардың аумағында және/немесе олардың юрисдикциясы шегінде орын алған жағдайларда, тараптар тиімді құқықтық қорғау құралдарына қол жеткізе алатындай ітісті шаралар қабылдауы тиіс екенін көрсетеді.

Қазақстан Құқықтық қорғау құралдарына қол жеткізуді қамтамасыз етуге міндеттемелері бар негізгі халықаралық құжаттар адамның сот төрелігіне және тиімді қорғау құралдарына қол жеткізу құқығын мойындайды.<sup>6</sup>

БҰҰ Басшылық принциптерінің осы компонентін бағалау кезінде зерттеу тобы 25-31 принциптерін басшылыққа алды. Бағалау мақсатында бизнес және адам құқықтары жөніндегі Ұлттық базалық құрал сияқты халықаралық құрал да пайдаланылды және жергілікті контекстке бейімделді (National Baseline Tool on Business and Human Rights)<sup>7</sup>. Бұл құрал ұлттық деңгейде бизнес және адам құқықтары мәселелерімен айналысатын ұйымдарға мемлекеттің БҰҰ-ның Басшылық принциптерін орындау жай-күйіне базалық бағалау жүргізуге көмектеседі.

Құқықтық қорғау құралдарына қол жеткізудің тиімділігін бағалау кезінде адам құқықтары саласындағы халықаралық нормаларды өрескел бұзу және халықаралық гуманитарлық

---

<sup>5</sup> Адам құқықтары саласындағы корпоративтік жауапкершілікті бағалау (бенчмаркинг). БҰҰ Басшылық принциптеріне сәйкес бағалаудың негізгі индикаторлары (ағылшын тілінде қолжетімді). URL: <https://www.worldbenchmarkingalliance.org/research/corporate-human-rights-benchmark-core-ungp-indicators/>

<sup>6</sup> Мәселен, қараңыз: Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы (7 және 8-баптар), Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт (2, 14-баптар), Ақпаратқа қол жеткізу, шешім қабылдау процесіне жұртшылықтың қатысуы және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот төрелігіне қол жеткізу туралы БҰҰ Конвенциясы (Орхус конвенциясы). БҰҰ азаматтық және саяси құқықтар комитетінің № 32 жалпы ескертпесі.

<sup>7</sup> Құралдың сипаттамасын (ағылшын тілінде қолжетімді) мына жерден қараңыз - URL: <https://bhrbaseline.humanrights.dk/node/247> Сұрақтар жинағын (ағылшын тілінде қолжетімді) мына жерден қараңыз - URL: [https://bhrbaseline.humanrights.dk/files/media/document/example\\_questionnaire.pdf](https://bhrbaseline.humanrights.dk/files/media/document/example_questionnaire.pdf)

құқықты елеулі бұзу құрбандары үшін құқықтық қорғау және залалды өтеу құқығына қатысты негізгі принциптер мен басшылық ережелер де пайдаланылды<sup>8</sup>.

Алдын ала бағалау арқылы зерттеу тобы бағалаудың келесі аспектілеріне назар аударды:

- Қазақстанда тиімді құқықтық қорғау құралдарына қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін кепілдіктер мен шарттар (БҰҰ-ның 26-31 Басшылық принциптері қызметінің принциптері негізінде).
- Шағымдарды бастау және тиімді қорғаныс құралдарын алу үшін адам құқықтарын бұзу құрбандарына мүмкіндік беру.
- Іскерлік және адам құқықтары бойынша қосымша тетіктер, атап айтқанда трансұлттық іс жүргізу және мемлекетаралық ынтымақтастық.

Үшінші компонентті бағалау келесі құралдардың жиынтығына негізделген:

Құқықтық, салыстырмалы және тұжырымдамалық талдау (кабинеттік талдау). Бұл әдіс қолданыстағы заңнаманы, мемлекеттік құқықтық статистиканы және тақырыптық ашық есептер мен жарияланымдарды талдауға негізделген.

Қазақстандағы бизнес және адам құқықтары мәселелері бойынша негізгі мүдделі тараптармен консультациялар (далалық зерттеу). Дала кезеңінің нәтижелері 7 фокус-топтың материалдарына және мемлекеттік органдардың, бизнестің, азаматтық қоғам ұйымдарының, кәсіподақтардың, адвокатураның және ұлттық құқық қорғау институтының өкілдерімен 6 жеке сұхбатқа негізделген.

Айта кету керек, зерттеудің шектеулері болды, сондықтан зерттеу тобы процедуралардың нәтижелерін жүйелі түрде эмпирикалық бағалауды жүргізбеді және өтемақы ретінде берілген нақты шаралардың тиімділігін бағалау мүмкіндігіне ие болмады, өйткені бұл әрбір нақты жағдайды талдауды қажет етеді. Сонымен қатар, команда белгілі бір құрбандармен немесе олардың бірлестіктерімен байланысқан жоқ.

---

<sup>8</sup> Адам құқықтары саласындағы халықаралық нормаларды өрескел бұзу және халықаралық гуманитарлық құқықты елеулі бұзу құрбандары үшін құқықтық қорғау және залалды өтеу құқығына қатысты негізгі принциптер мен басшылық ережелер. URL: [https://www.un.org/ru/documents/decl\\_conv/conventions/principles\\_right\\_to\\_remedy.shtml](https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/principles_right_to_remedy.shtml)

## I. МЕМЛЕКЕТТІҢ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ МІНДЕТІ. НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕР МЕН ҰСЫНЫМДАР

### Жалпы нәтижелер

- Қазақстан заңнамасы жалпыға бірдей танылған адам құқықтарына негізделген, ал елдің өзі адам құқықтары жөніндегі негізгі халықаралық пактілер мен конвенцияларға қол қоюшы болып табылады. Алайда, адам құқықтары ұғымы кең спектрге ие және мемлекеттік емес субъектілерге (мысалы, компанияларға) қатысты қатаң ережелерді әзірлеу мемлекеттерге жүктелген міндеттемелермен салыстырғанда олардың рөлі мен міндеттерін егжей-тегжейлі қарастыруды талап етеді. Бұл еңбек саласындағы бірқатар халықаралық конвенцияларды ратификациялауды талап етеді.
- Кең нормативтік-құқықтық базаға қарамастан, еңбек құқықтары, балалар еңбегі, жұмыс орнындағы кемсітпеушілік, кәсіподақтардың рөлі, мигранттардың құқықтары, мәжбүрлі еңбек, қудалау және экологиялық құқықтар саласындағы заңнамалық олқылықтар мен практикалық мәселелер әлі де байқалады. Бұл Қазақстан Үкіметінен компаниялар тарапынан құқық қолдану практикасын өзгерту бойынша қосымша заңнамалық шаралар мен күш-жігерді қабылдауды талап етеді.
- Ұлттық компаниялар мен квазимемлекеттік сектор Қазақстан экономикасында маңызды рөл атқарады, оның дамуы мен әртараптандырылуына ықпал етеді. Бұл секторлардың ел экономикасына қосқан үлесі көп қырлы және әртүрлі салаларды қамтиды. Ірі ұлттық компаниялар мен квазимемлекеттік кәсіпорындар мыңдаған жұмыс орындарын қамтамасыз ете отырып, Қазақстандағы ең ірі жұмыс берушілердің бірі болып табылады. Кейбір ұлттық компаниялар, әсіресе табиғи ресурстар саласында, тауарларды шетелге сатудан түсетін айтарлықтай кірісті қамтамасыз ете отырып, елдің экспорттық қызметінде шешуші рөл атқарады. Сонымен қатар, бұл халықаралық байланыстарды нығайтуға және шетелдік инвестицияларды тартуға ықпал етеді. Осыған байланысты Үкімет Мемлекет меншігіндегі немесе бақылауындағы не экспортты кредиттеу және мемлекеттік сақтандыру немесе инвестицияларға кепілдік беру сияқты мемлекеттік агенттіктердің елеулі қолдауы мен қызметтерін пайдаланатын кәсіпорындар тарапынан адам құқықтарының бұзылуынан қорғау жөнінде қосымша қадамдар жасауы қажет.
- Қазақстандық компаниялар өз қызметін қақтығыстардан зардап шеккен елдер мен аудандарда жүзеге асырады. Осыған байланысты мемлекет осындай аудандарда жұмыс істейтін кәсіпорындардың жанжалдан зардап шеккен аудандарда адам құқықтарын өрескел бұзушылықтар жасауға қатыспауын қамтамасыз етуге жәрдемдесуі қажет.
- Қазақстан елеулі шетелдік инвестицияларды тарта отырып және көптеген инвестициялық келісімшарттар мен келісімдерге қатыса отырып, бір мезгілде бизнесті жауапты жүргізу және адам құқықтарын сақтау саласында міндеттемелер алады. Бұл барлық тараптардың, соның ішінде жұмысшылардың, қауымдастықтардың және қоршаған ортаның мүдделерін ескеретін ашық және әділ бизнес ортасын құруды қамтиды. Бұл тұрғыда корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті күшейту, лайықты еңбек жағдайлары бар жұмыс орындарын қамтамасыз ету, жұмысшылардың құқықтарын қорғау, қанау мен кемсітушіліктің алдын алу маңызды шаралар болып табылады. Қазақстан сондай-ақ инвестициялық қызметтің орнықты даму мен экологиялық қауіпсіздікке ықпал ете отырып, қоршаған ортаға зиян келтірмеуін қамтамасыз етуге міндетті. Мұның бәрі елдің инвестициялық келісімдері мен келісімшарттары шеңберінде осы мәселелерге ерекше назар аударуды талап етеді.



- Қазақстан негізгі халықаралық ұйымдар мен бастамалардың қатысушысы болып табылады. Бұл елдің драйвер болып табылуына және жауапты бизнесті жүргізу стандарттарын ілгерілету саласындағы халықаралық ынтымақтастық пен үздік тәжірибелермен алмасуға қолдау көрсетуіне мүмкіндік береді.

**БҰҰ-ның Басшылық принциптерін іске асыру үшін өзекті нормативтік реттеу және саясат саласындағы мемлекеттің жалпы функциялары (БҰҰ-ның 1-3 Басшылық принциптері)**

Мемлекеттер өз аумағы және/немесе юрисдикциясы шегінде үшінші тараптардың, соның ішінде кәсіпорындардың адам құқықтарының бұзылуынан қорғауды қамтамасыз етуі керек. Бұл осындай бұзушылықтардың алдын алуға және тергеуге, олар үшін жазалауға және тиімді саясат, заңнама, нормативтік реттеу және сот ісін жүргізу арқылы залалдың орнын толтыруға бағытталған қажетті шараларды қабылдауды талап етеді.

Мемлекеттер өз аумағында орналасқан және/немесе олардың юрисдикциясындағы барлық кәсіпорындардан өз қызметі шеңберінде адам құқықтарының сақталуын күтетіндерін нақты айтуы керек.

Қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі өз міндетін орындау кезінде мемлекеттер:

- а) мақсаты немесе салдары кәсіпорындардан адам құқықтарының сақталуын талап ету және осындай заңдардың сәйкестігін мезгіл-мезгіл бағалау және кез келген олқылықтарды жою болып табылатын заңдардың орындалуын қамтамасыз ету;
- б) корпоративтік құқық нормалары сияқты кәсіпорындардың құрылуы мен ағымдағы қызметін реттейтін басқа заңдар мен саясаттардың тежемеуін, керісінше, кәсіпорындардың адам құқықтарын сақтауына ықпал етуін қамтамасыз ету;
- с) кәсіпорындарға олардың қызметі шеңберінде адам құқықтарын сақтау әдістеріне қатысты тиімді басшылық нұсқаулар беру;
- д) қажет болған жағдайда кәсіпорындардан олардың адам құқықтарына тигізген әсерін қалай жоятыны туралы ақпаратты ұсынуды көтермелеуі және талап етуі керек.

**Күй-жағдайы және олқылықтар**

- Қазақстан БҰҰ-ның шарттық органдарының ұлттық құқықтық шеңберлерді адам құқықтары саласындағы халықаралық міндеттемелерге сәйкестендіру қажеттілігі туралы бірқатар ұсынымдарына ие.

**Ұсынымдар**

- Ұлттық заңнаманың халықаралық іскерлік қызметке қолданылуын талдауға, халықаралық іскерлік қызметті реттеуге және басқаруға, әсіресе адам құқықтарының елеулі бұзылуының алдын алуға және қолданыстағы бұзушылықтарды жоюға және ұлттық заңнаманы құқықтар саласындағы халықаралық міндеттемелерге одан әрі сәйкестендіру бойынша ұсыныстар әзірлеуге дайындау мақсатында адам құқықтары тұжырымдамасын компаниялардың жақсы сақтауы үшін Үкімет, бизнес және азаматтық қоғам өкілдерінен тұратын жұмыс тобын құру ұсынылады.

- Қазіргі прогреске қарамастан, Қазақстан адам құқықтарын қамтамасыз ету және қорғау үшін де маңызы зор бірқатар негізгі халықаралық шарттарға әлі қосылмаған.

- Еңбек саласындағы халықаралық міндеттемелерге және еңбек саласындағы конституциялық кепілдіктерге негізделген егжей-тегжейлі кодификацияланған актілердің болуына қарамастан, құқық қолдану практикасы еңбек құқықтары саласындағы проблемалардың бар екендігін көрсетеді: кәсіподақтардың кедергісіз жұмыс істеуіне ықпал ететін жағдайлар жасау қажеттілігі, мәжбүрлі еңбек, балалар еңбегін пайдалану, жұмысқа орналастыру мен еңбек қызметіндегі кемсітушілік.

- Үкіметке барлық мигранттардың, қызметкерлердің және олардың отбасы мүшелерінің құқықтарын қорғау туралы Конвенцияға, сондай-ақ ХЕҰ №190 еңбек саласындағы зорлық-зомбылық пен құдалауды жою туралы конвенцияға қосылу процесін бастау ұсынылады.

- Үкіметке "Кәсіптік одақтар туралы" Заңды ХЕҰ стандарттарына сәйкес үйлестіру ұсынылады.

- Үкіметке еңбек қатынастары шеңберінде тиімді өзара іс-қимылды және жиналыс бостандығын сақтауды қамтамасыз ету үшін кейіннен компаниялар мен мемлекеттік органдар үшін жұмыс ұжымдарымен коммуникациялар бойынша ұсынымдар әзірлей отырып, жұмыс ұжымдарының ереуілдеріне талдау жүргізу ұсынылады.

- Мәжбүрлі еңбекке тиімді қарсы іс-қимыл жасау үшін Қазақстан Үкіметіне күш-жігерді (1) әсіресе шетелдік жұмыскерлер арасында және шалғай аудандарда құрбандарды сәйкестендіру және қорғау тетіктерін дамытуға, (2) мәжбүрлі еңбек белгілерін тану үшін еңбек инспекциясын оқытуды жетілдіруге және жұмыс орындарында жарияланбаған тексерулер жүргізу үшін оны өкілеттіктермен қамтамасыз етуге, (3) сондай-ақ мәжбүрлі еңбекке байланысты қылмыстар үшін құдалау және жазалау шараларын жандандыруға бағыттау ұсынылады.

- Жұмыс орнында кемсітпеушілік пен тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге қатысты үкіметке күш-жігерді Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың ережелеріне сәйкес келетін Қазақстан Республикасындағы теңдік туралы негіздемелік заңды әзірлеуге және қабылдауға жұмылдыру ұсынылады.

<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қазақстан 29-дан астам халықаралық экологиялық Келісімнің қатысушысы болып табылады және экологиялық заңнаманың кең құқықтық базасына ие. Сонымен қатар, компаниялар қоршаған ортаны қорғауға қатысты бұзушылықтарға жол беруді жалғастыруда.</li> <li>• Қазіргі уақытта Қазақстан бизнес тарапынан адам құқықтарының сақталуын күту туралы жария мәлімдеме жасаған жоқ.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Үкіметке жұмыс берушілерге жұмыс орнындағы гендерлік зорлық-зомбылық пен жыныстық құдалаудың алдын алу және жолын кесу бойынша заңнамалық және ұсынымдық шараларды әзірлеуді қамтамасыз ету ұсынылады.</li> <li>• Үкіметке Мемлекеттік еңбек инспекторларының санын көбейту, олардың өкілеттіктерін кеңейту және оқыту мәселесін қарастыру ұсынылады.</li> <li>• Үкіметке ауыл шаруашылығы мен қызмет көрсету секторында заңсыз балалар еңбегін пайдалануды болдырмауға бағытталған бірқатар заңнамалық және практикалық шараларды қамтамасыз ету ұсынылады. Рейдтер мен жоспардан тыс еңбек инспекциялары сияқты нысаналы құқық қолдану іс-шараларын жыл бойы және балалар балалар еңбегіне, оның ішінде ауыл шаруашылығына осал барлық секторларда жүргізуді қамтамасыз ете отырып, балалар еңбегін анықтауды күшейту қажет.</li> <li>• Үкіметке кәсіпорындар қызметі шеңберінде қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша реттеуші шараларға аудит жүргізу және жіберілген экологиялық бұзушылықтар үшін жеке сектордың жауапкершілігін күшейтуге бағытталған шаралардың жаңа пакетін қалыптастыру қажет.</li> <li>• Үкіметке ақпараттық компаниялар және ұсынымдар мен тиісті нұсқаулықтарды әзірлеу арқылы ұлттық және квазимемлекеттік компаниялардың, сондай-ақ жеке сектор компанияларының практикасына орнықты даму стандарттары мен ESG-ді таратуға белсенді жәрдемдесу ұсынылады.</li> <li>• Қазақстанға тиісті стратегиялық құжаттарды, мысалы, бизнес және адам құқықтары саласындағы ұлттық іс-қимыл жоспарын әзірлеу және қабылдау арқылы бизнес тарапынан адам құқықтарын</li> </ul>
--	---

	<p>ұстануды күту туралы мемлекеттік жария мәлімдеме жасау ұсынылады.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін реттейтін Қазақстан заңнамасына кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың жалпы қағидаты ретінде адам құқықтарын корпоративтік құрметтеу қағидатын енгізген жөн.</li> <li>• Іскерлік қызметі жергілікті қоғамдастықтардың құқықтарына айтарлықтай қауіп төндіретін ауқымды жобаларды бекіту үшін адам құқықтары саласындағы тиісті тексеруді талап етуге қатысты реттеу моделін әзірлеу және оны заңнаманың тиісті қолданыстағы нормаларына енгізу қажет.</li> <li>• Осыған байланысты заңнамалық және экономикалық базаны зерттей отырып, адам құқықтары саласындағы міндетті тиісті тексеру туралы заңнаманың болашақ қабылдануын зерттеу.</li> <li>• Үкіметке адам құқықтары саласындағы корпоративтік жауапкершілікті енгізудің үздік тәжірибелері туралы ақпаратты жинақтап, жариялау ұсынылады.</li> <li>• БҰҰ-ның бизнес және адам құқықтары мәселелері жөніндегі Басшылық принциптерін қазақ тілінде басып шығару және тарату ұсынылады.</li> </ul>
<p><b>Мемлекет пен кәсіпорындардың байланысы (БҰҰ 4-6 Басшылық принциптері)</b></p> <p>Мемлекеттер мемлекет меншігіндегі немесе оның бақылауындағы не мемлекеттік агенттіктердің елеулі қолдауы мен қызметтерін пайдаланатын, мысалы, экспортқа кредит беру және мемлекеттік сақтандыру немесе инвестицияларға кепілдік беру жөніндегі кәсіпорындар тарапынан адам құқықтарының бұзылуынан қорғау жөнінде, оның ішінде қажет болған жағдайда, адам құқықтарын тиісті қамқорлық қағидатын сақтау туралы талапты белгілеу жолымен қосымша қадамдар жасауы тиіс.</p> <p>Мемлекеттер адам құқықтарын жүзеге асыруға әсер етуі мүмкін қызметтерді ұсыну үшін кәсіпорындармен келісімшарттар жасасу немесе олардың мүдделері үшін заңнамалық актілерді қабылдау кезінде адам құқықтары саласындағы өздерінің халықаралық міндеттемелерін орындау мақсатында тиісті бақылауды жүзеге асыруы керек.</p> <p>Мемлекеттер коммерциялық мәмілелерді жүзеге асыратын кәсіпорындардың адам құқықтарын сақтауын ынталандыруы керек.</p>	
<p><b>Күй-жағдайы және олқылықтар</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Қазақстанда өндіруші сектормен, энергетикамен, инфрақұрылыммен,</li> </ul>	<p><b>Ұсынымдар</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Мемлекет меншігіндегі, бақылауындағы немесе онымен жұмыс істейтін</li> </ul>

<p>қызмет көрсету секторымен, қаржы секторымен, технологиялармен және денсаулықпен байланысты салаларда нарықтың едәуір бөлігін алатын ұлттық компаниялар да, квазимемлекеттік компаниялар да бар. Компанияларда адам құқықтарына тиісті қамқорлық жасау рәсімі жүзеге асырылмайды. Сондай-ақ, барлық компанияларда адам құқықтары саясаты жоқ.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Қазақстанда құрылтайшысы және акционері Үкімет болып табылатын Қазақстанның Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры жұмыс істейді, ал зейнетақы активтерін басқаруды ҚР Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2023 жылғы қарашадағы елдер бойынша зейнетақы</li> </ul>	<p>кәсіпорындар үшін бизнес пен адам құқықтары арасындағы байланысты нақты анықтайтын мінез-құлықтың үлгілік кодексін әзірлеу ұсынылады.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Ұлттық және квазимемлекеттік компанияларда адам құқықтары жөніндегі саясатты міндетті түрде әзірлеуді көздеу керек.</li> <li>Ұлттық және квазимемлекеттік компаниялардың корпоративтік практикасына адам құқықтары бойынша тиісті тексеру практикасын енгізуге жәрдемдесу қажет.</li> <li>GRI стандарттары бойынша қаржылық емес есептілікті беру тәжірибесін мемлекет қатысатын барлық компанияларға тарату маңызды. Бұл компаниялар жұмыс істеп, олардың қызметі адамдарға, қоғамдарға, климатқа және қоршаған ортаға қалай әсер ететіні үшін маңызды факторлар туралы есеп берген кезде материализм принципін қолдануға мүмкіндік береді.</li> <li>Үкіметке Директорлар кеңесінің жауапкершілігіне, сондай-ақ мемлекеттің үлестік мүддесі бар кәсіпорындарға және олардың адам құқықтарына деген көзқарасына көбірек көңіл бөлу қажет екенін көпшілік алдында атап өту ұсынылады. Осы мақсатта КӘЖ мен адам құқықтарының орындалуын тоқсандық және/немесе жыл сайынғы кездесулерде меншік иелерімен диалог арқылы қадағалау басталады. Ерекше жағдайларда компанияның қызметін мұқият қадағалау қажет болуы мүмкін. Адам құқықтары жөніндегі компаниялар мен директорлар кеңестерінің жұмысы Директорлар кеңесінің мүшелерін таңдау кезінде ескерілуі тиіс.</li> <li>Акт адам құқықтарының бұзылуын қоса алғанда, нормалардың белгілі бір өрескел бұзылуына ықпал ететін немесе жауапты болатын компанияларды "БЖЗҚ" АҚ портфелінен байқау және алып тастау үшін басшылық қағидаттарды әзірлеу қажет. Жауапты инвестициялық басқару БҰҰ-ның</li> </ul>
---	---

<p>активтері портфелінің құрылымы 24 елге инвестицияларды қамтиды.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Қазіргі уақытта Қазақстанда мемлекеттік сатып алуды реттейтін екі заң бар. Алайда, мемлекеттік сатып алуға қатысуға байланысты шектеулер адам құқықтарының бұзылу фактілерін анықтаумен тікелей байланысты емес. Қолданыстағы сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі және (немесе) сенімсіз әлеуетті өнім берушілердің тізбесі де адам құқықтарының жекелеген бұзушылықтарын айқындауға тікелей байланысты санаттарға негізделмеген.</li> </ul>	<p>БҰҰ-да және ЭЫДҰ-да көпұлтты кәсіпорындар үшін басшылық қағидаттарда белгілегені сияқты халықаралық қағидаттар мен стандарттарға негізделуге тиіс. Байқау мен алып тастауға арналған бұл басшылық қағидаттар "БЖЗҚ" АҚ-ның өзіне ғана емес, басқарушы компанияларға да қолданылуы тиіс.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• "БЖЗҚ" АҚ тәуекелдерін бағалау зорлық-зомбылық жанжалдары, адам құқықтарының бұзылуы және саяси террор мәселелері бойынша талдауды қамтуы тиіс. Адам құқықтары салалар мен компаниялар деңгейіндегі тәуекелдерді бақылаудың бөлігі бола алады.</li> <li>• Басшылық қағидаттар негізінде бақылау және алып тастау үшін компанияларды бақылау және алып тастау жүйесі әзірленуі тиіс. Мұндай жүйе белгілі бір өнімдер шығаратын немесе ықпал ететін компанияларға инвестиция салудың кепілі болады немесе дәрекі этикаға жат мінез-құлық пен адам құқықтарының бұзылуына жауап береді.</li> <li>• Сауда-саттық пен бағалау процесіне адам құқықтары саласындағы тиісті тексеруді негізгі критерий ретінде енгізу және адам құқықтары саласындағы өз міндеттемелерін орындау үшін қабылданған әрекеттерді көрсететін кәсіпорындарға артықшылық беру үшін мемлекеттік сатып алуды өткізу жөніндегі ережелерді қайта қарау және жаңарту ұсынылады.</li> <li>• Этика, қауіпсіздік және сыбайлас жемқорлық саласында бизнес-сектормен жобалық ынтымақтастықты қамтамасыз ету маңызды.</li> </ul>
<p><b>Жанжалдардан зардап шеккен аудандардағы кәсіпорындардың адам құқықтарын сақтауын қамтамасыз ету (БҰҰ-ның 7-Басшылық принциптері)</b></p> <p>Жанжалдан зардап шеккен аудандарда адам құқықтарын өрескел бұзу қаупінің жоғарылауына байланысты мемлекеттер осындай аудандарда жұмыс істейтін кәсіпорындардың мұндай бұзушылықтарды жасауға қатыспауын қамтамасыз етуге ықпал етуі керек, атап айтқанда:</p>	

- a) қызмет пен іскерлік қатынастарға байланысты адам құқықтарымен байланысты тәуекелдерді анықтауға, алдын алуға және азайтуға көмектесу үшін кәсіпорындармен мүмкін болатын ертерек байланыс орнату;
- b) гендерлік және жыныстық зорлық-зомбылыққа ерекше назар аудара отырып, құқықтарды бұзу тәуекелдерін бағалау және жою үшін кәсіпорындарға тиісті көмек көрсету;
- c) адам құқықтарының өрескел бұзылуына қатысы бар және жағдайды түзету мақсатында ынтымақтасудан бас тартатын кәсіпорындарға мемлекеттік қолдау мен қызметтерге қол жеткізуден бас тарту;
- d) кәсіпорындардың адам құқықтарын өрескел бұзушылықтар жасауға қатысу тәуекелін жою ісінде жүргізіліп жатқан саясаттың, заңнаманың, заңға тәуелді актілердің және құқық қолдану шараларының тиімділігін қамтамасыз ету.

#### **Күй-жайы және олқылықтар**

